

Төрелігің неге керек, + халықтың көңілі толмаса

Қаратау

тәжі

12+

№48 (864)

Сенбі, 28 қараша 2020 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

2004 жыл 22-сәуірден шыға бастады

ЕЛІ ЕРІНЕ, ЕРІ ЕЛІНЕ СЕНГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА



Тәуелсіздігіміз туғырлы, еліміз еңселі болғай!

Ту тігілді халқымның бүгін бағына,
Жас өрендер, желбіретіп, нық ұста!
Ғасырларға жалғастырып елдікті,
Дақ түсірме ата – баба рухына.

1991 жыл 1 желтоқсан ҚР тұңғыш Президенті болды Н.Ә. Назарбаев

ұлттық танымға үлкен өзгерістер енгізді. Ұлттық идеологияның, мемлекеттік саясаттың басым бағыттары белгіленді. Демек, Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Олар аталары мен бабалары құрған мемлекеттің тізгінін берік ұстап, әлем мойындаған Қазақстанды одан әрі асқақтата бермек. Оған қажетті қамқорлық мемлекет тарапынан жасалған. Енді сөз жастарда, ендігі мәселе орнықты жастар саясатында. Иә, Елбасы қадап айтқандай, Қазақстан

халқы - білімге, ғылымға құмар халық. Ауыл мен қаласы қатар өскен - қуатты Қазақстан! Бүгінде Қазақстан кемел ел, ынтымағы жарасқан мемлекетке айналды. Тарихта жеке адамның ролін ешкім жоққа шығара алмайды. Халықпен

Қайырымдылық - ізгілікке бастар жол



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ЖАСАСАҢ -
ҚАЙЫРЫҢ ӨЗІҢ
КӨРЕСІҢ

Биыл Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты түрлі жобалар мен акциялар мыстан қолға алынып, жаны жомарт жандар саны күн санап артып келеді.

Жақсылыққа жаны құмар азаматтар әрдайым халықтың разылығына бөленуде.

Биыл қазан айында Қытай қаласының тумасы, шымкенттік кәсіпкер, іскер азамат, Шымкент қаласы ІІМ С.Сәдуақасов атындағы ЖШС

қыстау сәтте көмек көрсеткен жандарға баршамыз біріге алғыс айтамыз!

Қыс мезгілі таяп қалған шақта көмек қолын созған жандарға көмек алған отбасылар Дархан Дүйсебеков бастаған ұжымға «Алла разы болсын!» - деген алғысын жеткізуде.



ОТАНДЫҚ САПАЛЫ БІЛІМ МЕКЕНІ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік салт-дәстүрімен бай, қолжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны. Университет жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңестігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдегі білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіріші негізге ие. Университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтар, технопарк қызмет атқарады: 2000-нан астам профессор, доктор, ғылым кандидаты мен философия докторлары, 100-ден астам академиялардың академигі.

40-тан аса Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткерлері, 40-қа жуық Қазақстан Республикасының мемлекеттік және атаулы сыйлығының лауреаттары еңбек етеді.

Университеттік қарпуста заманауи оқу ғимараттары, ғылыми инфрақұрылым, кітапхана, интернет-орталық, фудкорттар, спорт кешені, кинотеатр, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Студенттер сарайы, әскери кафедра, бассейн, «Жас ғалымдар үйі» бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS жаһандық рейтингінде 165-орынды иеленіп, феноменалды серпіліс жасады. Осылайша ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңестігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. Сонымен қатар, ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

Бұл жетістіктерге экономика және бизнес жоғары мектебінің «Менеджмент» кафедрасы белгілі бір үлес қосты. Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Менеджмент» кафедрасының тарихы 1995 жылы университет ректоры, академик К.Нарибаевтың бастамасымен құрылды.



Негізі қаланғаннан бері осы уақытқа дейін кафедра ұжымын Қазақстанның білім беру мен ағарту саласының көшбасшылары басқарған. Кафедра Қазақстан Республикасының атақты академик-профессорларын, еңбек сіңірген ғылыми қызметкерлері мен доценттерін біріктіретін жоғары кәсіби ұжым болып табылады. Осы күндері кафедра түлектері тек Қазақстан бойынша ғана емес, ТМД елдеріндегі ең үздіктердің бірі болып табылады. Түлектердің көбісі ұлттық және халықаралық экономиканың барлық салаларында, мемлекеттік қызметте жұмыс жасап, елдің мақтанышына айналды. Жыл сайын оқу бітіретін түлектердің көбісі өз білімдерін ары қарай жалғастыру мақсатымен әлемнің үздік оқу орындарына түсіп, университеттің абыройын арттыруда. Дәл осы оқу орнының магистранты ретінде, мен университеттің өз студенттеріне дұрыс білім алу үшін және өсіп келе жатқан заманауи әлемнің мүмкіндіктерін пайдалану үшін көптеген мүмкіндіктер ұсынады деп үлкен сеніммен айта аламын. Өмірінің ең болмағанда бір бөлігін ҚазҰУ-мен байланыстыру бақытына ие болған әр адамға бақыт, сәттілік және жұмыстарына, ғылыми және педагогикалық қызметіне сәттілік тілеймін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Менеджмент» кафедрасының
з.ғ.к., аға оқытушысы С.К.ТАЖИЕВА,
жетекшілігіндегі магистранты
Шырын ТУЗУБАЕВА,